

● ПРЕЗИДЕНТ

ҚОРҒАНЫС МИНИСТРІН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Қорғаныс министрі Сәкен Жасұзақовты қабылдады. Кездесуде Нұрсұлтан Назарбаевқа еліміздің Қарулы Күштерінің қазіргі жағдайы және министрліктің биылғы жұмыс жоспарының іске асырылу барысы жөнінде есеп берілді. Қазақстан Президенті әскери қызметшілерді әлеуметтік тұрғыда қамтамасыз ету шараларының жүзеге асырылуына ерекше назар аударып, осы бағыттағы жұмыстарды жалғастырудың маңыздылығын атап өтті. Қорғаныс министрі Мемлекет басшысына еңбекқанын көбейту жөнінде шешім қабылдағаны үшін әскери қызметшілердің ризашылығын жеткізді. Бұдан бөлек, Сәкен Жасұзақов Елбасыға жалдамалы тұрғын үй мен тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесінің тетіктерін пайдалану арқылы әскери қызметшілердің тұрғын үй мәселесін шешуге бағытталған шаралар жөнінде мәлімдеді. Сондай-ақ, Қорғаныс министрі Мемлекет басшысына Қазақстан армиясын материалдық-техникалық тұрғыда жабықтау және 2017 жылы ел жастарын әскери-патриоттық рухта тәрбиелеу бағытында атқарылған жұмыстар жөнінде мәлімет ұсынды. Кездесу қорытындысы бойынша Қазақстан Президенті бірқатар нақты тапсырма берді.

Сейсенбі күні облыс әкімі Қырымбек Көшербаев жұмыс сапарымен Сырдария ауданында болып, бірқатар кәсіпкерлік және мәдениет нысанын пайдалануға беру шарасына қатысты. Сондай-ақ, аудан активімен кездесіп, елді мекендерде шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мәселелеріне арналған көшпелі мәжіліс өткізді.

Аймақ басшысы алдымен Ақжарма ауылында ашылған «Толғанай» кешенінде болды. Жеке кәсіпкер Нұрсұл Дүйсенова біраз жылдан бері бос тұрған ғимараттың бір жағын дүкенге, бір жағын дәмханаға айналдыруды дұрыс көріпті. – Сауда саласындағы тәжірибемді пайдаланып екі жыл бұрын кәсіпкерлікке бет бұрдым. Кешен құрылысын биыл шілде айында бастаған едік. Енді, міне, халыққа қызмет көрсетуге кірісіп кеттік. Кешен 80 адамға лайықталған, 10 адамға жұмыс тауып бердік, – деді Н.Дүйсенова.

Облыс әкімі, сондай-ақ, Жетікөл, Айдарлы, Амангелді, Қоғалыкөл, А.Токмағамбетов ауылдық округтері мен Ақжарма ауылындағы «Ақжарма инвест», «Ақжарма Ынтымақ» өндірістік кооперативтерінің жұмысымен танысты. Жетікөл елді мекеніндегі «Жыңғылдыкөл» кооперативі «Мүйізді ірі қара малын өсіру, ет өңдеу» жобасы аясында 20 млн теңгеге ірі қара сатып алды. Ақжармадағы қос кооператив «50 ауыл» бағдарламасы бойынша «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ облыстық филиалынан 126,8 млн теңге несиесі алып, 852 сиыр сатып алды. «Ақжарма инвест» АӨК қор несиесі есебінен мал сою пунктіне қажетті құрылғылар мен сүт өндіретін шағын зауыт орнатты. Сырдариялықтар осы күні еңбек адамдарына құрметтің ерекше үлгісін көрсетті. Тереңөзек кентінің орталық саябағындағы «Құрметті азаматтар» аллеясында ауданның дамуына елеулі үлес қосқан 99 азаматқа арнап арнайы тақтайшалар орнатыпты. Саябақты абаттандырып, көз тартарлық аллеяны жасап шыққан – «Бек Арыс және К» ЖШС. Осындағы ескі мешіттің орнынан ашылған «Еңбек даңқы» музейінде тарихтың ізін сайрап жатыр. Тәуелсіздік жылдарындағы аудан жетістіктері, Сырдариядан шыққан қоғам қайраткерлері, туған жерін түлеткен, қазіргі уақытта ел игілігіне қызмет етіп жүрген азаматтар жайындағы мәлімет жинақталған. Музейдің рекспозиция жұмысына «Туған жерге тағзым» акциясы аясында бірқатар жергілікті шаруа

қожалығының төрағалары мен жеке кәсіпкерлер қаржы бөліп, жұмыла жүк көтерген. – Сыр елі – ел азаматтарының бір кісідей еңбекке жұмылдыра білген 102 Социалистік Еңбек Ері шыққан қасиетті өлке. Олардың есімдері облыс тарихында алтын өріптермен мәңгілікке



жазылады. Атақты күрішші Ыбырай Жақаевпен иық тірестіре еңбек етіп, мемлекет байлығын есептен өсірген Еңбек Ерлері Күләнда Әбдіраманова, Қасым Бәдеев, Ибадулла Ақниязов,

шіркейлік Балдырған Мұстапаева және басқа да аға-апаларымыз – ел мақтанышы. Дала төсін дүбірлеткен еңбеккерлердің ізін жалғап, адал еңбегінің нәтижесінде ел экономикасын нығайтқан жандардың барлығы жас буын үшін үлгі-өнеге. Сыр өңірін дамытуға айтулы үлес қосқан азаматтарға құрмет көрсету – біздің

азаматтық парызымыз, – деді облыс әкімі. Салтанатты шарадан соң аймақ басшысы аудан әкімдігіне елді мекендерде шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту



мәселелеріне арналған көшпелі мәжіліс өткізді. Онда бұған дейінгі жиындарда жүктелген міндеттердің орындалуы жөнінде сөз болды. Аудан әкімі Ғанибек Қазантаев 2-бөт қарашаға дейінгі статистиканы қамтып баяндама жасады.

● КЕМЕЛ ШАҚ, КЕМЕҢГЕРЛІК КЕЛБЕТ

Қазақ әдебиетінің қабырғалы өкілі, арқалы ақын, дарынды драматург, Мемлекеттік және халықаралық «Алаш», тәуелсіз «Платиналы Тарлан» сыйлықтарының иегері, Сырдың саңлақ перзенті, әдебиет әлемінде Иран-Ғайып есімін иеленген Иранбек Оразбаевтың 70 жасқа толған мерейтойы Н.Бексенов атындағы қазақ музыкалық драма театрында «Бұ дүние ғайыбы» деп аталған шығармашылық кешімен қорытындыланды.

Асқар ақынның айшығы



Өнер тойының салтанатты шарасына облыс әкімі Қ.Көшербаев қатысып, ақынды мерейлі мерекесімен құттықтап, дәстүрімізге сай ат мінгізіп, шапан жапты. Ақынның рухани өміріміздегі өзгеше келбетін, поэзияға, драматургияға қосқан дара үлесін сөз еткен аймақ басшысы дарабоз талантқа Сыр халқының ыстық ықыласы мен құрметін сыйдырған ақ тілегін арнады. Қашанда өнер өкілдеріне іш тартып, қамқор болып жүретін Қырымбек Елеуұлы Батыс Қазақстан облысын басқарып тұрған кезінде Орал қаласында қазақ драма театрын салдырып, Иран-Ғайып шығармаларының сахналануына тікелей атсалысқан болатын. Сонымен бірге облыс басшысының «ӘКСПО-2017» халықаралық көрмесі аясында ақынның мерейтойын атап өтіп, астаналықтарға «Қорқыт» спектаклін тамашалауға мүмкіндік тудырып, Қызылорда облысының Құрмет грамотасымен марапаттауы – Иран-Ғайып шығармашылығының ерекше бағалануының бір көрінісі. Өлеңдері қазақ әдебиетінің алтын қорына енген Иран-Ғайыптың «Дүниежарық», «Сұлулық сарасы», «Сөз патшалығы», «Иран бағы» аталатын кітаптары әрбір өлеңсүйер оқырманының қолдан қолға өткізген дүниелері. Ал, оның «Қорқыттың көрі», «Мен ішпеген у бар ма?», «Күшігінен таланған» деп аталатын өлеңмен жазылған тарихи драмалары

бірнеше шет тіліне аударылған айтулы туындылар. Театрдағы мерейтой кешін жүргізген орайдық театр актері Ербол Есендосов ақынның белгілі шығармаларынан үзінділер оқып, жергілікті композитор Алтын Бекеновтың Иран-Ғайыптың сөзіне жазылған «Мәңгі жұмбақ», «Көзімді ашқаным» деп аталатын жаңа әндерінің тұсауы кесілді. Сонымен бірге Ә.Қуанбаев, Н.Нұрадинова, Ғ.Баймырзаев, М.Мақұлбеков, С.Тасбергенова секілді әнші-термешілер сахнаға сән үстеді. Ақын өз мерейтойында арқырап өлең оқыды. Адамның жасы ұлғайғанымен, ақынның шабыты шауыртпайтынын көрсетті. Көрерменнің көңіл түсірілген өлең сөздерін түсіріп, бұл дүниенің байламы екі дүние егесі ұлы Жаратушының қуырында екенін сөз құдіретімен паш етті. Алтын тәж киісең де, адамилықтың алдында кішік бол, жарыңды сүй, халқыңды қадірле, бәріміз де бұл дүниенің ғайыбымыз деген парасатты ойға шомдырып, қалың жұрттың рухын түлетті. Поэзия кешінің сценарийін жасаған режиссер Оңталап Нұрмаханов сахналық шешімдер арқылы арқалы ақынның образын көрерменге дәп таныта білдіті.

Осындай ойлы кештің көркем көрінісіне барша жұрт куә болып, әдемі әсерге бөленді.

Дүйсенбек АЯШУЛЫ.

ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ СЕССИЯСЫ

Қызылорда облыстық мәслихатының кезектен тыс 16-сессиясы 2017 жылғы 27 қарашада сағат 11:00-де Облыстық мекемелер үйінің (Бейбарыс Сұлтан к., 1) мәжіліс залында ашылды. Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер ұсынылды: 1. «2017-2019 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2016 жылғы 12 желтоқсандағы № 71 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы. 2. Қосымша мәселелер. Облыстық мәслихаттың тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысы 27 қарашада сағат 10:30-да өткізіледі.

Облыстық мәслихат.

● ФОРУМ

Кеше «Достық үйінде» облыстық Қазақстан халқы ассамблеясының ұйымдастыруымен «Нұрлы жүрек» атты облыстық қайырымдылық жасаушылар мен меценаттардың форумы өтті.

Жалпы, Елбасы көтерген рухани жаңғыру туралы бастама қоғамда жылы қабылданып, барлық қазақстандықтарды жаңа идеяның аясында біріктіретін, елімізді ортақ мұратқа ұйыстыратын тұғырнама болып отырғаны белгілі. Мемлекет басшысы ұсынған әлеуметтік-идеологиялық жобалардың бірі – «Туған жер» бағдарламасы. Аталған бағдарлама аясында ұйымдастырылған шағара облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов, аймақтағы қайырымдылық жасаушы жандар мен меценаттар, облыстық ҚХА құрылымдары, этномәдени бірлестіктердің жетекшілері мен белсенді мүшелері, жас кәсіпкерлер қатысты.

Аймақта алғаш рет өткізіліп отырған шараның мақсаты – Сыр өңіріндегі қайырымдылық жасаушы меценаттар мен кәсіпкерлерді қолдау, бастаманың дамуына жаңа екпін беру, онымен айналысатын барлық ұйымдар мен азаматтардың бірлесуіне ықпал ету. Форумды облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов ашып, шараның маңызына тоқталды, ізгілікті мұрат етіп, қайырымдылық қасиетті тұмарындай ұстанған жомарт жандарды марапаттады.

– Бүгінгі облыстық Қазақстан халқы ассамблеясының бастамасымен ұйымдастырылған мейірімділік, қамқорлық пен ізгілікке негізделген қайырымдылық жасаушылар мен меценаттардың облыстық форумы өңірімізде алғаш рет өткізіліп отыр. Қайырымдылық жасау – халқымыздың ең ізгі қасиеттерінің бірі. Ұлы

«НҰРЛЫ ЖҮРЕК» ЖЫЛУЫ



далада ежелден орныққан адамгершілік пен жомарттық біздің рухани мәдениетімізді биіктетіп, ұрпақтан ұрпаққа мұра етіп қалдырудың жарқын жолына айналды. Қазақстан Республикасының Қайырымдылық туралы Заңында «Қазақстан халқы Ассамблеясы бейбітшілікті, достық пен қоғамдық келісімді, халық бірлігін нығайту мақсатында елде қайырымдылықты дамытуға жәрдемдеседі, қайырымдылық саласында үйлестірушілік және өзге де қолдау көрсетеді» делінген. Сондықтан елімізде, оның ішінде біздің өңірде де Қазақстан халқы ассамблеясының бастамасымен көптеген ауқымды шаралар атқарылуда.

Мемлекет басшысы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытын атап көрсетті.

Бағдарламадан туындайтын міндеттерді жүзеге асыру үшін бірқатар жобалар қабылданды. Солардың бірі – «Туған жер» бағдарламасы. Бұл бағдарлама турасында Елбасы: «Жүрегі елім деп соққан әр азамат «Туған жер» бағдарламасын жүзеге асыруға үлес қосуы керек. Туған жерге деген ерекше құрмет – туған жердің көсегісін көгертуге атсалысу. Тағылымды туған жерге тағзым етіп түлету – ол біздің перзенттік парызымыз», – деп бизнес, шығармашылық, ғылыми зиялы қауым өкілдерін туған жеріне, өзі өсіп-өнген өлкесіне көмек жасауға және өз ауылдастарын қолдау үшін күш-жұмылдыруға шақырған еді. Елбасының мақаласынан туындайтын міндеттерді іске асыруда өңір кәсіпкерлері алдыңғы қатардан көрініп, ұлттық жаңғырудың бастауында тұруға дайын екендіктерін көрсетіп келеді, – деді Р.Рүстемов.

Кез келген адам тек еселі еңбегі арқылы ел сүйіспеншілігі мен көптің ілтипатына бөленері сөзсіз. Сондай құрметке лайық жандардың бірі – Темір Бисембаев. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында кісілік келбетін жоғалтпаған осындай кейіпкерлерді кеңінен насихаттау көрсетілген. Үшінші ойшылдықты бетке алған мемлекет үшін сенім жүгін арқаалаған саңлақтардың қоғамға қосқан үлесі зор.

ҚАЙЫРЛЫ ІСІ КӨПКЕ ҰЛҒИ

қолдауымен дәстүрлі түрде ұйымдастырылған пәндік олимпиадаларға демеушілік жасады. Жастардың қолдаушысы атанып, республикаға танымал «Арал-Ас» көнілді тапқырлар клубының және де басқа өнерлі өрендердің қамқоршысы болды.

Қайбір жылдары Кеңес дәуірінде тұрғызылған көпқабатты тұрғын үйлердің бірнешеуін уақыт талабымен үндесе жаңалаған Темір әлеуметтік нысандардың жөндеу жұмыстарын да назардан тыс қалдырмады. Қаланың көркеюіне ден қойып, қала ішіндегі Бактыбай батыр көшесін кеңейтіп, абаттандыру жұмыстарын жүргізуге атсалысқанын атап өткеніміз жөн.

Еңбек ешқашан ескерусіз қалмайды. Кәсіпкерліктің бүге-шігесіне дейін жетік менгерген «Т-Т Құрылыс сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Темір Бисембаев марапаттардан кенде емес. Нақтырақ тоқталсақ, Қазақстан Республикасы Президентінің, облыс, аудан әкімдерінің Алғыс хаттарын әр жылдарда ешпелеп, Астана қаласының 10 жылдық мерекесіне орай «Ұлт Даңқы» төсбелгісін, Тәуелсіздіктің 25 жылдық медалін кеудесіне тақты.

Өнегелі отбасының иесі бүгінде жұбайы Әмилиямен бірге төрт перзент тәрбиелеуде. Балалары да «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» демекші, ата-аналарының тәлім-тәрбиесімен кемел келешекке сеніммен көз тігіп келеді. Келін түсіріп, қыз ұзатқан шаңырақтың қос шынары немерелерінің ортасында шадыман шаттыққа кенеліп отыр.

Абай ЖАЙШЫЛЫҚҰЛЫ. Арал ауданы.

КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУЫ – КӨП МӘСЕЛЕНІҢ ТҮЙІНІ

1-бет Қазір ауданда 1,5 мыңнан астам кәсіпкерлік нысаны жұмыс істеп тұр. Оларда 5,5 мыңдай адам еңбек етеді. «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасының 1 бағытына сәйкес 200-дей адамды техникалық-кәсіптік, қысқа мерзімді кәсіптік курстарда оқыту жоспарланса, соның 80-і оқуда аяқтады. 125-і қосымша қайта даярлау курстарында оқып жатыр. Бағдарламаның басқа бағыттары бойынша да шаралар атқарылған.

– «Ауыл шаруашылығы қолдау қоры» АҚ-дан – 51, «Аграрлық несие корпорациясы»

АҚ-дан – 11 тұлға, өңірлік инвестиция орталығынан 5 АӨК несие алып, жұмыс бастады. Барлығы 67 жобаны қаржыландырып, 169 жаңа жұмыс орнын ашты, – деді Ғ.Қазантаев.

«Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасының субсидиялау тетігі бойынша 3 жоба қаржыландырылды. Ал грант тетігі бойынша облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасы ұйымдастырған конкурста 39 жоба ұсынылып, оның 19-ы мақұлданды. Сонымен бірге 230-дай адам «Бизнес-кеңесші» тетігі бойынша өңірлік кәсіпкерлер палатасының филиалында кәсіппен айналысу негіздерін үйренді. Бүгінге дейін 39 АӨК



құрылды. Жалпы, биыл кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған үкіметтік және өңірлік бағдарламалар арқылы 65 жоба іске қосылып, 290 жұмыс орны ашылды.

Статистика бойынша аудандағы жұмыссыздар саны – 300-дің үстінде, ал 250-дей адам өзін-өзі еңбекпен қамтығандар қатарында. Осы орайда барлық ауыл әкімдерінің алдында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту міндеті тұр. Сол арқылы жұмыссыздықты азайтып, бюджетті молайтып, елдің тұрақтылығын сақтауға болады. Сырдария ауданы жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлік нысандарының саны жөнінен алда болғанымен, «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасының жүзеге асырылу қарқыны өте баяу.

– Бағдарлама аясында әр аудан кемі 10 жобаны атқаруы тиіс. Бірақ Сырдария ауданында әзірге небәрі 3 жоба орындалды, – деді

облыс әкімінің орынбасары Евгений Ким.

Бизнеспен айналысудың тиімділігін халыққа насихаттаудың уақыты бітті. Енді тек іске кірісу керек. Аймақ басшысы енді жерде әкімдерден, ең алдымен, осы мәселе сұралатынын жеткізді.

– Біздің тарапымыздан бағдарлама әзірленді, жұмыс тетіктері жүйеленді, қаражат қаралды. Бірақ осының бәрін орнымен пайдалана алмай келеміз. Бір сөзбен айтқанда, қаржы бар, жоба жоқ. Кәсіпкерлер палатасы мен аудан әкімдіктері бірлескен жұмысты жандандыруы тиіс, – деді облыс басшысы.

Ал сенім үдесінен, талап биігінен көріне алмаған әкімдер мен басқа да лауазым иелері қызметімен қоштасады.

Назерке САНИЯЗОВА.
Сырдария ауданы.

«НҰРЛЫ ЖҮРЕК» ЖЫЛУЫ

Белгілі болғанындай, бүгінде облыс көлемінде жүрегі жомарт жандардың қолдауымен 732 қайырымдылық шарасы ұйымдастырылып, 227,2 млн теңгенің көмегі көрсетілген.

Форумда Р.Рүстемов кайырымдылық жасаушы және меценаттықты мұрат еткен 12 жомарт жанды марапаттап, құрмет көрсетті.

Марапатталғандар тобын қайырымдылығымен, жомарттығымен көп басында жүрген облысқа белгілі меценат «Нұрай» ЖШС директоры Сейітқали Алшынбаев бастайды. Білім саласын дамытуға өзіндік үлес қосып жүрген азамат. Сонымен бірге ізгі шарада қайырымдылық жасаушылар ретінде облыс көлемінде ұйымдастырылатын шаралардың тұрақты қатысушысы, көмекке мұқтаж жандардың қасынан табылып, көмек қолын созудан танбайтын «Технострек-Ремсервис» ЖШС директоры Ильярион Ли, «Сыбаға» ЖШС директоры Лейла Ризванова, «Ел Арай» КҚ директоры Асхат Байдулов, «Тоғус-Аралотты» ЖШС директоры, облыстық мәслихат депутаты Мейрамбек Жұманов, «Қазалы-Жолаушы» ЖШС директоры Бекқали Бекбауылов, «Таң ЛТД» ЖШС директоры Имамзада Шағыртаев, жеке кәсіпкер Бибігүл Сентова, «Қызылқиял» ШҚ төрағасы Алдәрігер Құлбаев, жеке кәсіпкер Бағлан Өшірбеков және «Шилі-Энергосервис» ЖШС директоры Ербол

Жеңсібаев пен «Жаңақорған шипажайы» АҚ директорының кеңесшісі Амангелді Абдуллаев құрметке бөленді.

Кәсіпкерлер атынан «Нұрай» ЖШС директоры Сейітқали Алшынбаев пен «Ел Арай» қоғамдық қорының директоры Асхат Байдуловтар сөз алды.

– Өзбірі азамат, әрбір қоғам мүшесі елге жасаған жұмысының қайтарымын күтіп, есеппен жасамайтыны белгілі. Біздің, яғни, аға буының мақсаты – артымызда қауымда өсіп келе жатқан жастарға дұрыс бағыт, өнегелі тәрбие беру. Бір ғана киелі сөзімен дос болып келеміз. Ол – Еңбек. Еңбек етсең елге де таныласың, өзң де абыройлы боласың, кейінгі ұрпаққа да дұрыс жол көрсетесің. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында мемлекет пен жекеменшік әріптестігі аясындағы бастамаларға зор мән берілген. Мен білім саласының жанапшырымын. Оған өзін мақтанамын. Бес жылда бес жобаны іске асырдық. Атап айтсақ, төрт балабақша бар, онда 1040 бала, 2080 ата-ана бар және 400-ге жуық тұрақты жұмыс орны бар. Сонымен бірге Досан ауылындағы мектеп апатты жағдайда болатын, депутат болғанымда халықтың аманаты еді, сол мектепке қайтарымсыз қаражат салып, жаңадан салдық. Онда қазір балаларымыз оқып жатыр. Қайырымдылықты, жасаған еңбекті жария қылып емес, жастарға үлгі болатын іс деп түсінген жөн.

Себебі, халқымызда «оң қолың бергенді сол қолың көрмесін» деген нақып бар. Сондықтан біз жастарға отансүйгіштікке баулу бағытында өнеге көрсетуіміз керек деп ойламын. Бүгінгі форум осындай ізгі қасиетті ұстанған шара екені белгілі, – деп меценат жастарды еңбек етуге, қайырымды іс жасауға шақырды.

Шарада, сонымен бірге, қайырымды жандардың көмегін, жомарттықтың жылуын сезініп жүрген Назира Қадырова сөз алды, аналық алғысын білдірді.

– Біз жолдасымыз екеуміз жеті бала тәрбиелеп, өсіріп отырмыз. Үш баламын денсаулығы үздіксіз ем алуы қажет етеді. Алайда біздің отбасымыздағы ауырталықты бізбен бірге бөлісіп, еміне қажетті қаражатты тауып беріп, қолдау көрсетіп жүрген жүрегі кең, мейірімді азаматтардың арқасында сегіз жасар баламың кезекті отасы сәтті өтті. Сонымен бірге осы жылдың мамыр айында қазақ радиосындағы «Жан жылуы» бағдарламасы арқылы жағдайымды айтып, көмек сұраған едім. Осыны естіген Қызылорда қаласындағы «СМП-Қызылорда» ЖШС директоры Темірхан Өлімқұлов ағамыз үш бөлмелі пәтер сыйлады. Ағамыздың отбасына жақсылық тілеймін. Мен аналардың, қамқорлыққа мұқтаж жандардың атынан облысымыздағы меценаттар мен жомарт жандарға, қайырымды азаматтарға ризашылығымды білдіремін. Сіздердің қайырымдылықтарыңызға басымды иемін, – деп ағынан жарылды.

Форум соңында кәсіпкерлер үндеу қабылданды.

Айнұр БАТТАЛОВА.

«СТРАТЕГИЯ-2050»

ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ ЖАҚСАРЫП КЕЛЕДІ

Бизнесті қалай жүргізуге болады? Оның нәтижелері қандай? Әлемде осы көрсеткіштерді сараптап өткізіп, әрбір сала бойынша нәтижелерді қорытындылап отыратын тиісті халықаралық ұйымдар бар. Солардың бірі – Бүкіләлемдік банк. Осы банктің «Doing Business» рейтингі бойынша Қазақстан әлемде бизнес жүргізуге қолайлы ел ретінде дүниежүзіндегі 190 мемлекеттің ішінде 36-орынды иемденіп отыр. Бұл Елбасының «2050 стратегиясында» белгіленген міндет-межелер үдесі талаптарынан келгенде тәуір көрсеткіштер қатарына жатады.

Рейтинг қорытындысы 10-нан астам көрсеткіштердің жиынтығынан құралады. Қазақстанның жекеменшік позициялар бойынша рейтингте алған орындарын былайша түзуге болады. Мысалы, Қазақстан «Миноритарлы инвестицияларды қорғау» көрсеткіші бойынша әлемдегі 190 елдің ішінде 1-орын, «Келісім шарттарды орындау» бойынша 6-орын, «Меншікті тіркеу» индикаторы» бойынша 17-орын алады.

Жоғарыдағы индикаторлар бойынша Қазақстан, Италия, Бельгия, Израиль, Түркия, Греция сияқты белді мемлекеттердің алдында жүр. Ал Еуразиялық экономикалық одақ елдері арасында Қазақстан Беларусь республикасынан, Молдовадан, Армениядан, Қырғызстаннан дәуір жоғары орналасты. Сонымен бірге сарапшылар Қазақстанның «Төлем қабілеті» индикаторы бойынша рейтингте 39-орын, кәсіпорындарды тіркеу бойынша 41-орын, салықтандыру жүйесі бойынша 50-орын, құрылысқа рұқсат алу бойынша 52-орын, «Электр желілеріне қосу» индикаторы бойынша 70-орын, «Несие алу» индикаторы бойынша 77-орын, халықаралық сауда бойынша 123-орын алғанын атап көрсетеді.

Әлем елдері бойынша жалпы рейтинг көрсеткіштері былайша сипатталады.

№	Елдер	23	Исландия
1	Жаңа Зеландия	24	Малайзия
2	Сингапур	25	Маврикий
3	Дания	26	Таиланд
4	Корей Республикасы	27	Польша
5	Сирия, Гонконг, Қытай	28	Испания
6	АҚШ	29	Португалия
7	Ұлыбритания	30	Чехия Республикасы
8	Норвегия	31	Франция
9	Грузия	32	Нидерланды
10	Швеция	33	Швейцария
11	Македония	34	Жапония
12	Эстония	35	Ресей Федерациясы
13	Финляндия	36	Қазақстан
14	Австралия	...183	Ауғанстан
15	Тайвань, Қытай	184	Орталық Африка Республикасы
16	Литва	185	Ливия
17	Ирландия	186	Йемен Республикасы
18	Канада	187	Өнүстік Судан
19	Латвия	188	Венесуэлла, Боливариан Республикасы
20	Германия	189	Эритрея
21	БАӘ	190	Сомали
22	Австрия		

Жалпы рейтингте Қазақстан Мексикадан, сондай-ақ бірқатар Шығыс Еуропа елдерінен жоғары тұрғанын атап өткізіп келеді. Бұл Елбасы белгілеген міндет межелердің сәтті жүзеге асырылып жатқанының айғағы болып табылады.

Ж.ӘЛМАХАН.

«ТУҒАН ЖЕРГЕ ТАҒЗЫМ»



ЖАСТАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУ ЖОЛЫНДА

Жастардың шығармашылық әлеуетін арттыру мақсатында өткізілген байқауларға 100-ге жуық үміткер қатысқан. «Сыр өңірінің табиғаты» деп аталатын бейне-байқауда 3-орынды Қорқыт ата атындағы КМУ-дың 3-курс студенті М.Жұмаділдаева иеленсе, 2-орын «Аб-зал и К» операторы Е.Мұханбетжанға бұйырды. Жүлде-лі 1-орынды қаладағы №23 мектептің информатика пәні мұғалімі И.Қуан қанжығасына байлады.

«Сыр өңірінің табиғаты» атты фотобайқауда 1-орынды №2 Мұрагер мектебінің 5-сынып оқушысы А.Нұрман алса, одан кейінгі орындарға Қорқыт ата атындағы КМУ студенттері – Т.Кенжебаева мен А.Сейтгова жайғасты. «Атаулар сыр шертеді» атауымен өткен үздік пост жариялау байқауында 1-ші орынды Жалағаш ауданындағы «Балдуарын» балабақшасының меңгерушісі Н.Исабеқызы иеленсе, 2-орын қаладағы №7 мектептің 3-сынып оқушысы А.Ахметбекке бұйырды. Бұл сайыста үздік үштікті Қорқыт ата атындағы КМУ-дың 4-курс студенті А.Мұхтар қорытындылады. «Туған жер естеліктері» тақырыбындағы эссе онлайн-конкурсның қорытындысы бойынша 1-орынды Қорқыт ата атындағы КМУ-дың 4-курс студенті

Е.Тұрсынқожа, 2-орынды «USIMAS» оқу орталығының мұғалімі Г.Ермеқызы алды. Ал, 3-орын Жаңақорған ауданындағы «Каспий банк» менеджері А.Қайназарованың еншісінде.

Біз өз кезегінде жүлдегерлердің бірін сөзге тартқан едік.

– Мен №2 Мұрагер мектебінің 5-сынып оқушысы Азамат Нұрман боламын. Фотобайқауға қатысып, жеңімпаз болдым. Бұл байқауға 4 фотосурет жіберген болатынымын. Өзім суретке түсіргенді жақсы көремін. Бұл туған жерімдіздің табиғатын сүюге тәрбиелейді, – деп балғын жеңімпаз.

Ал, Қорқыт ата атындағы КМУ оқытушысы Ангыз Өбдіразақова мұндай байқаулардың жастарға берері көп екенін жеткізді.

– Жалпы, 9 қазаннан бастау алған шара 10 қарашаға дейін жалғасты. 4 тақырып бойынша өткізілген байқауларға 100-ге жуық жұмыс келіп түсті. Байқау жеткіншектердің рухани жаңғыру жолында белсенділігін байқатты, – деді ол.

Азиз БАТЫРБЕКОВ.

ОРТАЛЫҚ МАМАНДАРЫ ОБЛЫСЫМЫЗДА

Ұлттық кардиохирургия ғылыми орталығы мамандары облысымызда болып, қызылордалықтарға медициналық көмек көрсетті.

Нақтырақ айтқанда, «Туған жерге тағзым» акциясы аясында Астана қаласындағы Ұлттық кардиохирургия ғылыми орталығының директоры, жерісіміз Юрий Пя өз мамандарын жіберіп, қызылордалықтардың білікті мамандардан көмек алуына мүмкіндік жасады. Атап айтқанда, медицина ғылымының кандидатты, I кардиохирургия бөлімінің меңгерушісі Темір Лесбеков, осы орталықтың кардионестезиолог реаниматолог Нұрлан Смағұлов Аралдан санитарлық авиация арқылы келген 56 жастағы науқастың «токтаусыз жұмыс жасап тұрған жүрегіне аорто коронарлы шунттау» отасын, одан бөлек тағы екі ота жасады.

Ал, Ұлттық орталықтың кардиолог Галия Тұрғанбаева 20-дан астам науқасқа кеңес берді.

Барлық БАТЫР.



МАЗМҰНДЫ КӨРМЕ

А.Пушкин атындағы орталық кітапханада «1 желтоқсан – Қазақстанның Тұңғыш Президенті күніне» орай «Елбасымен нұрлы болашаққа» атты ашық кітап көрмесі ұйымдастырылып, оқырмандарға таныстырылды.

Көрменің мақсаты – Елбасының өмірі мен шығармашылығын, рухани өсу жолдарын, ел басқарудағы көрсеткіш қабілетін кеңінен таныстыру арқылы өнегелі өмірін жастарға үлгі қылу, өскелең ұрпақтың бойына еңбекқорлық, адамгершілік, имандылық сияқты қасиеттерді қалыптастыру.

Кітап көрмесімен танысу барысында жастар Елбасының төл туындылары мен Президент туралы жазылған құнды дүниелер – «Президенттік білік: Жемісті 20 жыл», Махмұт Қасымбековтің «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы»

өчерктер жинағымен танысты. Сондай-ақ Елбасының халықаралық форумдарда, конференцияларда, әлем елдерінің көшбасшыларымен болған түрлі кездесулерде түскен фотосуреттері, отбасылық суреттері көрсетілді. Шара қонағы «Болашақ» университеті Тарих пәнінің оқытушысы Жәнібек Қонысов Мемлекет басшысы жайлы тың ақпараттармен толықтырды. Елбасының өмір тарихы мен қызмет жолын таңға бағытталған көрме әлі екі аптаға жалғасады.


М.ЖАСҰЛАНҰЛЫ.



● БРИФИНГ

ТІЛСІЗ ЖАУДАН АБАЙ БОЛАЙЫҚ

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өрт қауіпсіздігін болдырмау мақсатында жиын өтті. Оған облыстық медициналық орталығынан, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалынан және ТЖД Өрт қауіпсіздігі саласындағы бақылау және профилактикалық қызмет басқармасының мамандары қатысты.



Сала мамандары биыл облыс бойынша 446 өрт оқиғасы орын алғанын мәлімдеді. Тілсіз жаудан 3 адам қаза болған, оның бірі жас бала. Түгінге ұланудың 10 фактісі тіркеліп, одан 25 адам зардап шеккен.

Төтенше жағдайлар департаменті әр аптаның сенбі күндерін «Өрт қауіпсіздігі күні» деп жариялап, 66616 тұрғын үймен, 329102 тұрғынға түсіндірме жұмыстарын жүргізген.

– Жылу маусымы басталғалы Төтенше жағдайлар департаменті адам өмірі мен денсаулығын, меншікті және қоршаған ортаны өрттен қорғау үшін қауіпсіздік шараларын өткізіп келеді. Оның ішінде тұрғын үйлердегі тұрмыстық жағдайдағы өт жағу пешінің қауіпсіздігі және қоршаған ортаның ауаның алды алу бойынша үті-насихат жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде, – деді подполковник Руслан Қайрабаев.

Жыл басынан бері тұрғын үй секторында өрт қауіпсіздігі шараларын күшейту, өртте адам өлімінің алдын алу, азаматтардың жеке мүлкінің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында ауылдық округтер әкімдіктері мен пәтер иелері кооперативі өкілдері және жергілікті полиция қызметкерлерімен бірігіп 331 рет 6118 тұрғынның қатысуымен жиын өткізілген.

Бұл бағыттағы жұмыстар мектеп жасындағы балалар арасында да өткізілуде. Оқушыларға өрт кезінде дұрыс әрекет ету, жаракаттанудың алдын алу және өрт қауіпсіздігі саласындағы білімді жасарту бағытында Төтенше жағдайлар бөлімшелерінің қызметкерлері білім беру мекемелерімен бірлесіп, жалпы білім беру орындарында 6 интерактивті сабақ, 18 викторина, 143 нұсқау өткізген. Осы кездесулер кезінде слайд пен бейнесуреттерді пайдалана отырып, балаларға өрт қауіпсіздігі шаралары жөнінде жалпы ережелер мен талаптар таныстырылған. Мұндай шараларға мектепке дейінгі мекеме, мектеп, колледж, лицей, жоғары оқу орны қатыстырылуда. Сондай-ақ мұғалімдер мен оқушыларды өрт қауіпсіздігі шараларын оқытуға бағытталған 143 дәріс пен әңгімелесу жұмыстары жүргізілген.

Сала мамандары облыс тұрғындарына тілсіз жаудан абай болуды ескертті.

Н.САҒАТУЛЫ.

КӘСІП АШАМЫН ДЕСЕҢ, БАЙҚАУҒА ҚАТЫС

Бүгінде елде шағын және орта бизнестің дамуына айрықша қолдау көрсетілуде. Аталған саланы дамытуға бағытталған көптеген жобалар іске қосылды.

Осы орайда кәсіпін ашып, шаруасын дөңгелетемін дегендер жеңілдіктерге қол жеткізіп, жобасын іске асырып келеді. Соңғы кезде кәсіп ашуға ниетті жастар қатары артқан. Оларды кәсіпке баулу мақсатында атқарылып жатқан жұмыстар аз емес. Тіпті, кәсіпті игерместен бұрын, оның қыр-сырын үйрену үшін түрлі бизнес курстарда оқуға да болады. Жастарды кәсіппен айналысуға ынталандыру мақсатында түрлі байқаулар да ұйымдастырылуда.

Осы ретте өңірлік коммуникациялар қызметінде облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасы басшысының орынбасары Дінмұхамед Болатбеков жастарға арналған «Baikong Start-up» бизнес-идеялар байқауы жарияланып, өтінімдер қабылдау басталғанын мәлімдеді. Бұл байқауды өткізудің негізгі идеясы талантты, әлеуметтік жауапкершілігі бар, инновациялық қызмет түріне және кәсіпкерлікке ынталы жастарды анықтау, қолдау, және бизнес-идеяларын жүзеге асыруға жәрдемдесу болып табылады. Байқауға 18-29 жас аралығындағы облыс тұрғындары қатыса алады.

Қатысушы өтінімдері биылғы жылдың 5 желтоқсанына дейін қабылданады. Байқау өңірде ең белсенді және перспективалы жастарды айқындауға, жаңа бизнес ашуға қолдау көрсетуге жағдай жасау, қызықты идеяларды және жо-

баларды әзірлеу және өз бизнесін құруға дайын жас кәсіпкерлер қозғалысын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бір ескертілетін, байқауға алқоғолы және темекі өнеркәсібіндегі, ойын бизнесіндегі, сондай-ақ нәсіпқұмарлық сипаттағы жобаларды жүзеге асыруға арналған өтінімдер қабылданады. Жалпы, байқау үш кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңде өтінімдер қабылданып, шартқа сәйкес алдын ала іріктеуден өтеді. Мұнан кейін комиссия мүшелері үздіктерді іріктеуден өткізіп, 6 жобаны таңдап алады. Соңғы кезеңде жеңімпаздар анықталады. Бастысы, өтінімдер белгіленген мерзімде, облыс әкімінің ресми сайтында орналасқан үлгі бойынша ұйымдастырушының электронды мекен-жайына жолдануы тиіс. Жүлде қорына келетін болсақ, бірінші орын біреу, екінші орын екеу және үшінші орынға үш үміткерден келеді. Жеңімпаздар ақшалай сыйақымен марапаттала-тын болады. Облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының ұйымдастыруымен өткізілген байқау өз нәтижесін берсе, алдағы уақытта тұрақты түрде өткізі-летін болады.

Жалпы, байқау өз кәсіпін ашуға ниеттеніп жүрген кез келген жасқа мүмкіндік береді. Егер сіздің жобаның үздік деп танылып, жеңімпаз атанып жатсаңыз, алдағы уақытта жүйелі жұмыс жасауға жол ашылады. Сондықтан әрбір жас бұл мүмкіндікті тиімді пайдаланған дұрыс.

Сара АДАЙБАЕВА.

● КӘСІПКЕРЛІК

ТАСБӨГЕТТЕГІ ТЫНДЫРЫЛАДЫ ТІРЛІКТЕР

Мемлекет басшысының «Қазақстандың үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілетті» атты Жолдауы бизнестің өрісін кеңейтуге бағытталған. Елбасы осы Жолдауында кәсіпкерлікті дамытып, оның көкжиегін көтеруді міндеттеп отыр.

Қала іргесіндегі Тасбөгет көңілде де кәсіпкерлігінің көсегесін көтертіп, тіршілігін дөңгелетіп отырғандардың қатары ай сайын артып келеді. Олардың арасында нарық талабына ден қойып, қырысырын жете меңгерген, өз ісін берілген, құлшынысы күшті, шағын кәсіпкерлік иелері көбейде.

Кент бойынша тіркелген 292 кәсіпкерлік субъектісінің барлығы да жұмыс істеп тұр. Олардың қатарында 264 жеке кәсіпкерлік, 11 шаруа қожалығы, 16 жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері және бір ауылшаруашылық өндірістік кооперативі бар. Осы жылдың наурыз айынан бері 41 кәсіпкерлік субъектісі жаңадан ашылып, қалалық кірістер басқармасына тіркелді. Оның 32-сі жалпы көлемі 246 млн 350 мың теңге болатын өз қаржысына кәсіп ашып, жұмыс жасауда.

Кәсіпкерлік субъектілерінің артуы – кентте жұмыссыздар санының азаюына он әсер етіп келеді.

Быылғы жылдың өзінде 38 тасбөгеттік тұрғын өз кәсібін ашып, халыққа қызмет көрсетуді бастады. Кент тұрғындарына қызметтің түр-түрін көрсететін «Измаганбетов», «Арынов», «Бекзатқали», «Нұрлан», «Айерке», «Гүлнәр», тағы басқа да жаңа және жеке кәсіпкерлік нысандары есіктерін ашты.

Бұлардан басқа да кент аумағында бұрыннан тіркеліп жұмыс жасап келе жатқан жеке кәсіпкерлер өз істеріні кеңейтіп, жаңа жұмыс орындарын ашула. 2000 жылы ЖК «Қасқабаева» кәсіпкерлігін ашып, жолдаушы тасымалында жаңа маршруттарға бірнеше автокөліктер қойса, сол кәсіпкерлігінің іргесін кеңейтіп 2017 жылы наубайхана, аралас заттар сауда дүкені, көлік жуы, автомобиль бөлшектерін сататын дүкенін, автокөлікті техникалық жөндеу қоспалары орталығының қос қабатты құрылысын салып, пайдалануға берді.

Кент орталығынан заман талабына сай келетін «Нұрымбек» тіс емханасы құрылысын отыз жылдан бері тіс дәрігері қызметін атқарып жүрген Н.Байжанов өз қаржысына салды. Қазір жұмысын бастауға дайын.

Сондай-ақ, «Ақтайлағым» жеке балабақшасына үш қабатты ғимарат салынып, жаңадан 4 топ ашылды. Осы секілді кент орталығынан «Ина-ЖанОрда» балабақшасы да 2 топқа кеңейтілді.

Кәсібінің көлемін ұлғайтқандар қатарында Алтынай Ерманова да бар. 1996 жылы жеке кәсіпкер есебінде тіркеліп, «Ақниет» кафесін, «Арман» мейрамханасын ашса, бұлардың қатарына кафе, екі қабатты сауна, монша, бассейн, көлік жуу секілді кешенді қызмет көрсету орындары қосылды.

«Нәтижелі жұмыспен қамтулы және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының екінші бағыты бойынша «Жұмыспен қамту орталығы» 22 алам тіркеліп, құжаттарын тапсырып, олардың жасаған 4 жұбасы «Халықты жұмыспен қамту орталығы» мекемесі арқылы жолдама алды. Осы жоба иелері де жақында өз кәсіптеріні ашпашы болып отыр.

Төрт түлікті түлетіп, алдағы уақытта одан алынатын өнім түрлерін көбейтуді мақсат еткен кентте «Тасбөгет» кооперативі құрылды. Мал шаруашылығымен айналысатын 43 мүшесі бар бұл құрылымға өздері сайлаған төраға жетекшілік етеді. Кооперативтің мүшелері бұл саладан тәжірибесі бар жеке кәсіпкерлер, шаруа қожалығы және жеке қосалқы шаруашылық иелері. Осы құрамға енетін кәсібін енді бастап отырған кооперативтің 13 мүшесі толық қалың мерзімді оқудан өтіп, кәсіптері бойынша сертификатпен қамтамасыз етілген.

Быылғы жылы «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының екінші бағыты бойынша 3 жоба мақұлданды, 4 жоба өз кезегін күтуде. «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» акционерлік қоғамы арқылы 3 жобаның бастама-



шысы Мактабаева, Маханов, Қаукаев мал шаруашылығы бағытындағы жеке кәсіптері үшін 7 млн теңге көлемінде несие алды.

«Қызылорда өңірлік инвестициялық орталығы» микроқаржы ұйымы ЖШС арқылы жеке кәсіпкер «Алиакбаров» 10 пайыздық үстемесмен 15 млн теңге несиеге қол жеткізді.

«Қолдау» мемлекеттік бағдарламасына ұсынылған 5 жоба мақұлданып, А.Құлмырзаева, А.Шалабаев, Н.Ернұязов, Т.Дәрікұлов және Т.Алиев жалпы сомасы 15 млн теңгесін қайтарғын несие алды.

Ата кәсіпін айналысудың тиімді екендігін уақыттың өзі дәлелдеп отыр. Қазіргі нарықтың талабы – ауыл шаруашылығы кооперативтерін дамыту арқылы байланы атаксітінің өрісін кеңейтуге ден қою. Тасбөгетте де осы маңызды іске бетбұрыс жасалды.

«Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» акционерлік қоғамы арқылы құрамында 56 мүшесі бар «Тасбөгет» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі құрылды. Оның 50 мүшесі «Береке» бағдарламасы аясында несие алып, ет өндіру бағытында 361 бас ірі қара малы мен 18 жылқыны бордақылаумен айналысауда. Ал, қалғандары несие алуға құжаттарын тапсырып, қаржы алу кезегін күтуде.

Кооператив мүшелерінің қамтысумен өткізілген жиналыста ет және сүт өнімдері түрлерін өндіру мәселесі талқыланды. Ет пен сүт өнімдерін дайындау орындары мен оларды өткізу нүктелерін орналастыру үшін жер телімдерін бөлу мәселесі де талқыға салынды. Осы мәселелерді жүзеге асыру үшін «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» акционерлік қоғамының «Ынтымақ» бағдарламасы арқылы қаржы қарастырылып, кентте ет және сүт өнімдерін өткізу нүктелерін ашу қолға алынды.

Кентте мал тұқымын асылдандыруға да бетбұрыс жасалауда. «Ирқок» елді мекенінің тұрғыны А.Молдақожаев өз қаражатына 1 бас асылтұқымды бұқа алып, ірі қара малы тұқымын асылдандыру жұмысымен айналысауда.

«Бизнес Кенесші» жобасы аясында оқу курстарына жолдама берілген адам саны – 14 болса, олардың ішінде 13 адам бизнес жобаны қорғап, сертификаттар алды.

Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасып, кәсіпкерлерге қолдау көрсету жұмысымызды деңгейін төмендету шаралары көзделген.

Қабдеш ШАГЫРОВ,
Тасбөгет кенті әкімдігінің қызметкері.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР ИГІЛІГІН КӨРУДЕ

Аймағымызда үкіметтік бағдарламалар арқылы нәтижелі жұмыспен қамтып, кәсіпкерлігін кеңейтіп жатқандардың қарасы қалып. Оның ішінде өз күндерін өздері көруге дағдыландыратын «Өрлеу» жобасының игілігін көріп отырғандар да жетерлік. Осы бағдарламалардың тұрғындарға тиімділігін Шиеді ауданына жасаған сапарымызда көз жеткізіп қалғтық.

«Нәтижелі жұмыспен қамтулы және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасының 1 бағыты «Бастау Бизнес» жобасы арқылы Өңірлік инвестициялық орталығының грантына ие болған Нұрәділет Нұрмағанбетов мал шаруашылығымен айналысуға қолға алған.

«Егін ексең, басында бол, мал бақсаң, қасында бол» демекші, Телікөл ауылдық округінің тұрғыны Нұрәділет ауылдан 20 шақырым жерден ферма ашып, отбасымен осыр ұстап отыр. Орталықтан 10 млн теңге несие алған ол сол қаражатқа 58 бас сиыр, 4 бас асыл тұқымды қалмақ бұқасын алған.

Быыл қыстық қора-жайымыз, бауымызды бұзасын салып, күріп алдық. 50 гектар жері бар қыстауымыз, 200 гектар жаздық жайлау жеріміз бар. Несіені 5 жылға рәсімдеп, жеңілдікпен алына 40 мың теңгеден төлеп отырмын. Келер жылы ақпаннан бастап 150 мың теңгеден өтейтін боламын. Алғашқы субсидиямыздың 1250 мың теңгесін алып, қыстық жем-шөбімізді түсіріп, керек-жарағымызды алдық. Енді тек мал басын көбейтіп, алдағы уақытта бордақылау, ет-сүт өнімдерін игеру жоспарымызда бар, – дейді кәсіпкер.

Осындай жеке кәсіпкердің ігері – Өзін Әбек. Ол да «Өңірлік инвестициялық орталығы» арқылы 2 млн теңге қаржы алып, кәсібін дөңгелетіп отыр. Кент орталығында жалға алған цех арқылы темір-бетон өнімдерін шығарумен айналысады. Бұлтыр бастаған кәсібі биыл жаңадан түскен. Шағын цехтан шығатын төрт түрлі өнім аудан тұрғындары тарапынан сұранысқа ие.

– Шикізаттарымыз жергілікті. Қолжетімді бағада үш қабаттестері, суурларбаза, шалакөбік, көпшелегер төсейтін қырлы тастар шығарамыз. 3 адамды жұмыспен қамтып отырмын. Болашақта өнімдерімізді облыс орталығына шығаруды көздеп отырмын, – дейді «Әлібек» ЖК иесі Ә.Әбек.

«Өрлеу» шартты жобасы бойынша Шиеді ауданында 99 отбасының 602 адамына шартты ақшалай көмек тағайындалған. Берілген қаржының жалпы көлемі 186 759 мың теңге. Бүгінде 2700-ге жуық отбасылы жандар «Өрлеу» жобасына қатысу үшін әңгімелесу үстінде.

Отбасы болып жұмыс істеу – жаңа жобаның басты мақсаты. Жоба аясында шаштарға ашқан Дана Абдрахманова жұбайы екеуі бірлесіп жұмыс бастапты. 295 мың қайтарымсыз қаржы алған Дана құрал-саймандарын алып, қасына құрбысын да жұмысқа алған.

Аталған орталықтан қайтарымсыз 300 мың теңге қаржы алған Еңбекші ауылының тұрғыны Ағайша Қосмамбетова тігіншілікпен айналысады. «Өрлеу» жобасына да қатысып, 250 мың теңгеге қол жеткізген Ағайша кәсібін кеңейтіп, қасына қызы мен келінін жұмысқа алған. 4 тігін машинасын сатып алды. Ол жуырда мектеп оқушыларына форма тігуді бастады. Осылайша, колөнердің басты бір саласы – тігіншілікті тұтынудыңының талғамына және заманға сай икемдеп, нарыққа ұсынып жүр.

– Бұл – жұмыссыздықты жоюда ерекше рөл атқаратын жақсы бағдарлама. Бағдарлама өз кәсібін бастаймын деген азаматтарға да септігін тигізгіп жатыр. Мінекей, жеке кәсібімізді ашып, өзіме де, қоғамға да пайдасын тигізгіп отырмын, – дейді тігінші.

Бұған дейін елімізде жан басына шаққанда орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен аз отбасыларға атауды әлеуметтік көмек төленетін. Енді «Өрлеу» жобасы тұрмысы төмен отбасыларға кәсіп ашып, оның нәсібін көруге қарайласады. Мамандардың айтуынша, келелік деңгейін төмендетуге бағытталған жобаның баламасы көз көрінеді.

Шиеді аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін түрсеу бөлімінің мамандары «Бұл жобаның халыққа пайдасы мол. Әсіресе, халықтың тұрмыстық деңгейін жақсартуда мол септігін береді. Әрі бұл жоба алдағы уақытта тұрғындар игілігі үшін қызмет ете беретін болады», дейді.

Шиеді индустриалды аграрлық колледжі «Нәтижелі жұмыспен қамтулы және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасының 1 бағыты аясында қысқа мерзімді қайта даярлау курстарына қатысушы азаматтарды оқытуда. Бүгінде үш кезең бойынша 300-ден астам тұрғын 2 айлық курсты бітірген. 10 мамандық бойынша 42 біліктілік алып шыққан олардың дені жұмысқа тұрып, кейбірі өз кәсібін ашып жеке қызметін бастап жатыр.

Иә, халықтың әлеуметтік қорғалмаған тобына «Өрлеу» пилоттық жобасының тігтігіп жатқан пайдасы мол. Үкімет ешкімді назардан тыс қалдырмай, осындай игілікті жұмыстарды атқарып жатқанына жұртшылықтың алғысқан басқа айтары жоқ. Бұл Елбасының «100 нақты қадам» Ұлт жоспарындағы «Әлеуметтік көмекті оның атауын сыныптан күшейте отырып оңтайландыру» атты 84-қадамын жүзеге асыру аясында атқарылып жатқан ауқымды істер болып табылады.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ,
Шиеді ауданы.

ДІН – ТӘРБИЕНІҢ РУХАНЫ ТІРЕГІ

Бүгінгі таңда діни мәселе қоғамдағы өзекті сұрақтардың бірі екенін жокқа шығара алмаймыз. Осыған орай Қызылорда медициналық жоғары колледжінде «Дін – тәрбиенің рухани тірегі» атты ашық топ сағаты өтті.

Тәрбие сағатының басты мақсаты – оқушылар арасында теріс діни ағымдарға, экстремистік, террористік пиғылдарға, дәстүрлі емес діни ағымдарға қарсы күрес жолдары мен ұстанымдарын жан-жақты насихаттау, оның психологиялық, әлеуметтік және рухани зияны мен зардаптары туралы ақпарат беру.

Тәрбие сағатына дайындық барысында II курс «Емдеу ісі» бөлімінің 28-топ студенттері колледж топтары арасында «Менің дінге көзқарасым» тақырыбында әлеуметтік сауалнама жүргізіп, қала жастары мен тұрғындарының пікірлерінен бейнесюжет түсірді.

Колледж оқушыларымен кездесуде келген қалалық «Хазреті Әли» мешітінің наиб имамы Мырзақожа Сейдалыев, дін мәселелерін зерттеу орталығының маманы, дінтану магистрі Әлібек Жаппасбаев және Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің оқытушысы, педагогика магистрі, психолог Назира Аймаханова тақырыпқа байланысты мол мағлұмат беріп, студенттердің сұрақтарына жауап берді.

Г.ИБРАЕВА,

Қызылорда медициналық жоғары колледжінде «Қазақстан тарихы» пәнінің оқытушысы, тарих магистрі.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2017 жылғы 16 қарашадағы № 945 қаулысы

«Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы»
Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 13 шілдедегі №533 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қазықтарында Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТІДІ:

1.9 «Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 13 шілдедегі №533 қаулысына («Сыр бойы» және «Қызылорданың өсті» газеттерінде 2016 жылғы 23 шілдеде жарияланған) келесідей өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген «Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесінде:

«Заңды тұлғанын орындаған жері: иялек 120008, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Ғани Мұратбаев көшесі, ғимарат 3.»;

17-тармақта:

2), 26), 34) және 41) тармақшалары жаңа редакцияда жазылсын:

«Заңды тұлғанын орындаған жері: иялек 120008, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Ғани Мұратбаев көшесі, ғимарат 3.»;

«26) мүдесеткер арасында спортты дамыту, арнайы спорттық құрал-жабдық беруді қамтамасыз ететін және мүдесеткердің дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануына спорт құрылыстарының қолжетімді болуы үшін жағдай жасайды. Мүдесеткердің санатына қарай, санамалдарымен көрсетілген қызметтер бөждет қаражаты есебінен және «Қазақстан Республикасында мүдесеткерді әлеуметтік қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жеңілдікті шарттармен жүзеге асырылады»;

«34) және тұлғалар мен қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді қурамендіретін спорт құрылыстары, спорттық және спорттық-буаралық іс-шараларды өткізуге арналған орындары пайдалану және орт қауіпсіздігі қағидаларының талаптарын, оның ішінде мінберлердің тірелу конструкторларының есептеу, мінбер астындағы үй-жайларда жаныған қауіпті заттар мен материалдардың орналастырылуы, авариялық жарық берудің және жақсы ағушылық жолдарының болмауы, өртке қарсы қорғаны құрылыстарының болмауы немесе олардың ақаулы болуы бопында бұзушылықтар, сондай-ақ өрттің туындауына әкелу қауіпі мүмкін электр жабдығын монтаждау және

пайдалану қағидаларын, санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды, спорттық және спорттық-буаралық іс-шаралар өткізілетін орындарда қатысушылар мен көрермендердің қауіпсіздік жағдайларын бұзушылықтар анықталған жағдайда, ішкі істер органдары не халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы сақталуына қажеттіліктеріне қарай, ішкі істер органдарымен бірігіп оларға дейін осындай іс-шараларды өткізуге тыйым салыды»;

«41) өз қуыреті шеңберінде қолметте толмағандардың демалсын, бос уақытын және еңбектен қалтауын ұйымдастыруға қатысасы»;

31) тармақшадғы орыс тілдегі мәтінінде: «Идиера Ниши» деген сөз «Едібасы» деген сөзмен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 42-1), 42-2) және 42-3) тармақшалармен толықтырылсын:

«42-1) дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган акредиттелген республикалық спорт федерацияларымен бірігіп отыратын республикалық және халықаралық спорттық жарыстары, оның ішінде аралар спортшылар арасында өткізуге қатысасыда»;

«42-2) спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалары) құрамына кіретін спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командаларының) құрамындағы қатысатын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және құбытық командалардың жетекшілеріне ай сайынғы ақшалай жабдықтықталым төлемдерінің мөлшерін зир-лейді»;

«42-3) дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органның келісуімен спорттық басым түрлерінің өңірлік тізбесін зир-лейді»;

«Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындауында басқалы Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Р.Р.Нұрмәдиев жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі
Қ. Қоңғарбаев

Алдажар – сегіз қырлы, бір сырлы азамат. Ол – ғалым, жазушы, спортшы да өнерпаз. Ғалым Арал ауданының Октябрь ауылдық кеңесіне қарасты «Өрме» аталатын қыстауда дүниеге келген. Құмды төбешіктер етегіне қоныс тепкен қыстауда төрт-бес үйдің түтіні түзу шығып, төрт түлік малды өрбітетін. Қонекөздердің айтуынша, мал шаруашылығы маманы болған әкесі Әбдіраууле аузын ашса жүрегі көрінетін, нұрлы жүзінен имандылық шуағы төгіліп тұратын абыз ақсақал болған көрінеді.

СЕГІЗ ҚЫРЛЫ АЗАМАТ

Иә, буыны бекіп, бұғанасы қайтамы жапып-ақ еңбекке араласқан қара домалақ бала ерте есейеді. 1964 жылы №60 Сазды сегіз жылдық мектебінің табалдырығын аттаған ол 1974 жылы №57 Шижара орта мектебінен дәріс алып, соңында да тоқпақты өмір жолына қадам басыды.

– Өлі есімде, – деп жалғастырды Алдажар үзілген әңгіме желісін, – 6-класста оқып жүргенімде газеттерге мақалалар жазуды қолға алдым. Сол кездегі аудандық «Толқын», облыстық «Ленин жолы» мен республикалық «Қазақстан пионері» газеттері мен «Балдырған» журналында жазбаларым жарық көріп, қуанышқа кенелгенім бар.

Еңбек жолын «Арал» кеңірінде жұмысшы болып бастаған ол 1977 жылы кезінде аты дүркіреп тұрған іргелі шаңырақ – С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне оқуға түседі.

Тәлімді тәрбие алып, білім нәрімен сусындаған боз-бала студенттік жылдары қоғамдық және ғылыми жұмыстарға білек түре белсене араласды. Топ старостасы, студенттер кеңесі мен филология факультеті студенттер ғылыми кеңесінің төрағасы болған ол ғылыми ізденістерге қадам басды. Университет оркестрінің белді мүшесі болып, әлденеше рет республикалық, одақтық шараларға қатысты. Спортпен де шұғылданды. Шарпы алаңда билары қолғабымен жүдырықтасқан ол бокстан спорт шеберлігіне кандидат нормасын да иеленді.

1982 жыл. Жоғарыда аталған оқу орнынан әдебиеттанушы (қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы) мамандығын алып шыққан ол Қызылорда қаласына келеді. Мұндағы жоғары оқу орнында бос қызмет орыны болмағандықтан облыстық партия комитетінің жолдамасымен облыстық тарихи-өлкетану музейінің аға ғылыми қызметкері қызметін атқарды. Келер жылы туған топырағынан оралып, кезіндегі Қазақстан ЛКСМ Арал аудандық комитетіне қарасты «Арал» кеңісшары комсомол комитеті хатшысы қызметіне тағайындалған оның осы аймақта қалдырған қолтаңбасы аз емес. Ауыл жастарының еңбек етуге ғана емес, қоғамдық жұмыстармен етгі ұғым – өнер мен спортқа баулуға атқарған шаруасы көп көрінеді. Оған берілген аудандық, облыстық комсомол комитеттері мен Қазақстан ЛКСМ Орталық комитетінің «Алғыс» хаттары мен «Құрмет» грамоталары, «Бесжылдық озығы» белгісі соның айғағы.

1991 жылға дейін Арал ауданында қоғамдық ұйымдар мен қалалық №13 мектепте мектеп директорының тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары қызметін атқарған А.Әбілов Н.Г.оголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтының қазақ тілі кафедрасына оқытушы болып келеді. Қос тілді де, ағын, орыс пен қазақ тілін жетік меңгерген маман қалр бөліміндегі аудармашылық қызметті қоса атқарады. Бірыңғай ғылым мен шығармашылыққа бетбұрыс жасаған ол ә дегеннен-ақ өз жүргізу құжаттарын мемлекеттік тілге көшіріу ісіне аймақта алғашқылардың бірі болып атсалысады. Жоғары оқу орнында «Сыр тұлағы» атты жаңа басылым ашылып, алғашқы редакторы болады.

Жоғарыда айтылғанды, бірыңғай тіл ғылымына бетбұрыс жасаған ғалымның қызметтік сатысы да орайы түседі. Қатардағы оқытушылық қызметтен ғылыми жұмысын бастаған ол берініп келе аға оқытушы, факультет деканының орынбасары, қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының меңгерушісі қызметтерін атқарды. 2004 жылы ғылыми-зерттеу жұмысына байланысты аға ғылыми қызметке берілген ғалым 2006 жылдан осы кезге дейін қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының доценті. Сондай-ақ, ол облыстық тілдерді дамыту басқармасына қарасты тілдерді дамыту өңірлік орталығы ғылыми-әдістемелік кеңесі мүшесі және тілдік мамандықтар бойынша академиялық кеңес төрағасы. Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі А.Әбілов 1997 жылы көркем аударма теория-

сы бойынша ғылыми диссертация қорғап, филология ғылымдарының кандидаты атанды. Оның 170 ғылыми-танымдық, оқу-әдістемелік еңбектері жарық көрген. Сондай-ақ, бір монографиясы, алты оқу құралы, екі электронды оқу құралы, екі әдістемелік құралы мен төрт танымдық-зерттеу еңбектері бар. Ғалымның бірнеше ондаған ғылыми-



Өмірдің адамға сыйы – Жаратқан иемнің адам баласының маңдайына жазған тағдырының тайайы, ал адамның өмірге сыйы – оның еңбегі. Аппыстың асқарына шығып, Сырдың танымал азаматына айналған Әбілов Алдажардың құмыр жолына көз салсақ, жоғарыда айтқанымыздай, өмір мен оның өз сыйы домбыраның қос ішегідей қабаттасып, сабақтасып жатқанын көресін.

зерттеу материалдары республикалық ғылыми басылымдарда жарияланса, онға жуық мақаласы Прага, Анкара, Мәскеу, Невинномисск қалалары мен Корея елінің баспаларында жарық көрген. Ол көптеген халықаралық, республикалық ғылыми конференцияларда

«РУХАНИ ҚАЗЫНА»

Қорқыт ата
тұлғасы туралы

Ұлт тарихындағы кемеңгер, мұбарак тұлға Қорқыт мұрасы, ой қазынасы халқымыздың шығармашылық даналығын, философиялық дүниетанымын, таңғажайып күйшілік қабілетін терең танытады. «Қорқыт ата кітабы» – ұлт тарихы мен мәдениетінің Бас кітабы. Мұхиттай шалқыған ойдың, даналық дәрістердің, сөз дауһарларының әлемі.

Қорқыт – оғыз-қыпшақ қауымынан шыққан сұңғыла дана, ақылғой, бататқой, сәуегей, асқан абыз, жырау, қобызшы, қазақ бақсыларының пірі, күй атасы.

Қазақ музыкасы мен философиясында «Қорқыт күйі», «Қорқыт сарыны», «Қорқыт толғауы», «Тәңір биі» дейтін рухани сұлулық пен ізгілікке бөленген үздік дәстүрлер, сырлы мақамдар қалыптасып дамыған. Демек, Қорқыт – Ә.Марғұлан айтқандай, «керемет иесі», «ұлыстың ұлы кенесшісі, қария сөз айтқышы, тарихи оқиғаларды жырыла беретін жырау». VI-VIII ғасырларда Ұлытаудың теріскейі мен Дегелең тауында қобыз аққуға ұқсастырылып тасқа бетерленген. Аққу – сұлулықтың, пәктіктің символы, түркі жұрттарының киесі, тотемі. Қорқыттың қасиетті қобзын құрметтеп ұстаған, сарынын жеткізе толғаған Жанақ, Нысанбай, Марабай, Қазақбай жыраулар. «Мен өзім асқар белмін, шалқар көлмін, түйенің жотасындай жалпақ елмін» деген Жанақ ақын «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын қобызбен толқыта-шалқыта орындаған. Бұған ет-жүрегі елжіреткен Құнанбай қажы сыйлық ұсынған. Оқымысты Ә.Марғұлан қазақ қобызшыларының кереметтерін келтіре сипаттайды. Мысалы, Қойлыбай бақсы алты қанат ақ орданы жалауша желбіретіп көтерген, тағы бір бақсаның қобызы аспанға самғап, сәйгүліктердің алдынан келген. Кейбір күншілдер қобызды ағашқа тас бекітіп тастаса да, бұдықның босанып кеткен. Шынғыс заманында ғұмыр кешкен Төбе тәңірі «Мен Тәңірінің өзімен тілдесемі, көкке шығып жүремін» дейді екен... Немесе Қаспий маңы мекендеген түркі тұқымды қиландарда ханның алдында бір жыл ішінде әр күн сайын күй ойналады екен.

Ылімдіз Әлішер Науаидың «Жақсылардың мәжілісі» кітабында «Бақсы-жыраулар кей уақытта аламан бөзіп, даланы, тау-тасты аралап жүретін еді» деген пікірі бар. Расында атақты күйші-қобызшылар Жұмағұл, Қойлыбай, Ықыластар өзген бойында сұңқылдата күй төккен.

Ә.Марғұланның сипаттауынша, Қорқыт желмаеясы қуақ жеткізбейді, дариялардан ұшып өтеді, дүниенің бәрін шетінен екінші шетіне жетуі ештеңе емес. Сұла көр қаушы болмас, терең ағыз-ірімдерге ажал, өлім келе қоймас деп ойлап, кілемін жайып, аспанды құстың ұшуын, самал желдің соққанын тытып толқынды күйлер, толғаулар шығарады, сөйтіп ғасырға жуық ғұмыр кешеді...

Қорқыт мұрасын, дәстүрін мықтап, ұстаған халық мәдениетінің көрнекті өкілдерін Ә.Марғұлан былайша жүйелеп топтастырады:

1. Бақсы-жыраулар – Қойлыбай, Балақай, Қарамырза, Нысан абыз.
2. Қобызбен күй орындағандар – әл-Фараби, Кетбұға.

ОЙТҮРТКІ

Әрбір ұлттың өзіне тән ұлттық киімдері бар. Сол арқылы қай ұлстың өкілі екенін аңғарамыз. Соңғы кездері ұлттық нақыштағы киімдеріміз қайта жаңғырып келеді. Нәтижесінде нарыққа көптеп ұсынылып, жаңа стильде көрініс тауып, сұраныс артты. Мұны қала орталықтарында ашылған қазақы киім тігетін шеберханалардың көптеп ашылып жатқанынан да байқауға болады. Сонымен бірге той, жиында, кездесулер мен жұмыс орындарында ұлттық киімдерімізді кигендерді жиі кездестіріп жүрміз.

Жақында қыз ұзату тойында болдық. Байқағанымыз, жас келіндердің барлығы қазақы ою-өрнектермен безендірілген ормал, әшекейлер мен камзолдар киіпті. Қандай жарасымды. Іштей қуанып қалдым. Қазақ қыздарынан асқан сұлу бар ма? Арулардың сұлулығын толықтырып тұратын осы ұлттық киімдеріміз бен әшекейлеріміз. Ұзатылып бара жатқан қыз да қазақша көйлек пен сәукеле киіпті. Шаңы өрліген. Шолпысы төгілген. Сыңғырлап шыққанда көпшіліктің назарын аударды. Құдалар жағы тамсанды. Қызды қолтықтаған екі жегеніс де етек-жеңі төгілген, кестеленіп тігілген ұлттық киімдерімізбен ақжарпанын тарт. Тіпті, үлкен апаларымыз да сәні келіскен, өрнегі көздің жауын алатын камзолдармен көйлектер киіп жүр. Бір-бірінің көйлектеріне қызығып, қандай дүкеннен алғанын, болмаса, қай тігінші тіккенін сұрастырып жатыр. Расында, әсемдік пен көркемдікті қазақы ою-

өрнектерінен табуға болады. Бұрындыры 40, 50, 60 жасқа толған ел ағалары мен ақ жаулықты аналарымызды құттықтау үшін бөрікті шапан жауып, камзол кигізгенде ғана бұл біздің ұлттық киімдеріміз екенін еске түсіретінбіз. Сонымен бірге 22-наурыз Ұлыстың ұлы күні эз-Наурыз мерекесінде киіп шығатынбыз. Ал, қазіргі кезде сүңдет той, бесік тоймен қатар жұмыс орнында, күнделікті киюге ыңғайлы қазақша киімдер саудаға шыққан.

Осы ретте отандық тігіншілер жеңіл жейделер, камзолдар мен көйлектерді күнделікті киіп жүруге ыңғайлы етіп тігіп жатыр. Бұл киімдермен кез келген ортаға бара аласыз. Демек, сұраныс бар. Мәселен, қала орталығындағы «Колонер» дүкені қазақша оюлармен өрнектелген киімдерді сатылымға шығарып келеді. Дүкенде ұлттық нақыштағы қыз жасауы, бұйымдар, әшекейлер, бесік, камзол секілді киімдердің сан түрі бар. Ондағы тігіншілер сіздің

қалауыңызға сай етіп, түрлі тастармен оюлардан өрнектелген ұлттық киімдерді тігіп береді. Әшекейлерді талғамаға сай жасайды.

Айта кетерлігі, отандық дизайнерлердің көпшілігі ұлттық нақыштағы киім үлгілерін әлемдік сән әлемінде көрсетіп, жоғары баға немеленіп жүр. Көрмеде қызығушылық танытатындар да аз болмайды екен. Дизайнерлер бұл киімдерге бағалы материалдар қолданады. Оған ою-өрнектер, түрлі әшекей тастармен көмкеріледі. Бұл еңбекке уақыт көп кетеді. Сондықтан бағасы қымбат. Оны кез келген ханның қаласы көтере бермейтіні анық. Осы ретте ұлттық құндылықтарымызды насихаттау үшін қалпыға бірдей қолжетімді ету жолын қарастыру қажет секілді.



Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында ХХІ ғасырда ұлттық танымсызды сақтап қалуға қатысты ойы айтылды. Онда елдің бұдан әрі қарай дамуы ұлттық мүддемен

мәдениетпен ұштасады делінген. Расында, біздің ұлттық мәдениетіміз бен өнерімізді, салт-дәстүрімізді айқындайтын басты құндылығымызды ол қазақша киімнен де аңғаруға болады.

Бала күнінен бастап ісмерлікпен айналысып келе жатқан Айсұлу Ерсінова қазақтың ұлттық киімдерін тігуге маманданған. Айсұлудың айтуынша, соңғы жылдары қызылордалық тұтынушылар арасында ұлттық нақыштағы киімдерге тапсырыс артқан. Қазір әлемі сән үлгісі қазақы нақышта тігілуде. Әсіресе, мерейтойларға зертпен тіккен камзол, шапандар сыйлау сәнге айналған. Тігін пехнында жұмыс істейтін жұмысшылар өз істерінің маманы. Олар ұлттық киім тігу, өрнегін салу, оюмен тастарды пайдалану оңай шаруа еместігін алға тартты. Шеберхана тек киім тігумен ғана шектелмейді. Ұлттық нақыштағы көдесейлар, қыз жасауын да жасайды екен.

Жыры бітпеген жыртқыш шалбарды кигеннен жарасымды қазақша киімдерімізді киіп, жандандырсақ құба-құп болар еді.

Сара АДАЙБАЕВА.

«Кселл» iPhone X телефонына алдын ала тапсырыс қабылдайды



Қазақстан Республикасындағы iPhone ресми дистрибьюторы – «Кселл» АҚ 17 қарашадан бастап толық құнындағы iPhone X өніміне алдын ала тапсырыстарды қабылдай бастады. iPhone X толық құны 445000 теңгеден басталады.

Apple өз туындысын болашақтың смартфоны деп атайды: «Біз әрқашан iPhone телефонын бір үлкен дисплеймен жасауды армандайтын едік, - делінген компания сайтында, - Дисплейдің әсерлі болатыны соншалық, сіз тіпті құрылғының өзін ұмытатын боласыз. Құрылғының ақылды болатыны соншалықты, оған қолдың ұшы тисе, сөзге, тіпті көзқарасқа да жауап қататын болады. iPhone X армандарды шындыққа айналдырады».

iPhone X алдын ала тапсырыс беру өтінімін http://kcell.mobi/preorder_iPhoneX сілтемесі бойынша «Кселл» ресми сайтында қалдыруға, сондай-ақ, Kcell/Activ дүкендерінде хабарласуға болады. Дүкендердің мекен-жайын <https://www.kcell.kz/rn/office-contacts/contacts> сілтемесі арқылы білуге болады.

iPhone X телефонының бірнеше артықшылығы бар, атап айтқанда:

Контентке төрөңдеу өну: Жаңа смартфонның экраны үстіңгі беттің 81,5% иеленеді – бұдан басқа түймешелері жоқ, тек Сіз және шыныдан жасалған су өткізбейтін корпусымен бірге түс жіберуі тамаша өте сезімтал сенсорлы дисплей ғана бар.

Қауіпсіздік: iPhone оныншы сериясы – бұл FaceID құлпының инновациялық функциясы бар Сіздің бейнеңіздің жалғасы. Сіздің пароліңіз өзіңіздің бет-жүзіңіз болады. А11 Bionic процессордың нейрондық жүйесі беттің 30 мың нүктеден тұратын бірегей топографиясын сақтайды және Сіз көзіңдірік қисыңіз де, бас киім немесе шарф тақсаңыз да Сіздің көлбетіңіздегі өзгерістерге ыңғайлана алады. Смартфон сізді тіпті қараңғыда да таниды, ал бет фотосуреті бойынша бұғатты ашпайды.

Анимацияланған эмодзи: Жақын-дарыңызбен қарым-қатынас анимодзи-мен интерактивті бола түседі – анимацияланған эмодзи пайдаланушының бет қимылын айныпай қайталайды. Оларды Apple кез кел-

ген смартфонды iMessage-де көруге болады, ал оны тек iPhone X жасауға болады.

Фотосурет студиядағыдай: Персоналды студиялық жарыққа ұқсатылған «Портрет» режимі бетті суретке әдемі әсермен бөліп, негізгі камерада фонды шайып, селфи режимінде түсіреді. Есте қалатын суреттер өңді оңай жасалады.

Фламан корпусы екі түсте ұсынылды: күміс және «сұрғылт әлем» түстес, кірістірілген жады **64 ГБ және 256 ГБ**.

Егер iPhone X – бұл Сіздің арманыңыздағы смартфон болса, онда алдын ала тапсырысқа өтінім қалдырыңыз және оның артықшылықтарын бағалауға алғашқылардың бірі болу мүмкіндігіне ие болыңыз.

iPhone X сатуға Kcell/Activ дүкендеріне 1 желтоқсанныан бастап түседі және алдын ала тапсырысты http://kcell.mobi/preorder_iPhoneX компания сайтында уақытылы рәсімдеген сатып алушыларға бірінші кезекте сатылады.

(ҚР Көлік және коммуникация министрлігінен 1998 жылдың 8 маусымында №ДС 0000270, мерзімсіз мемлекеттік лицензиясы берілген)

«ТУҒАН ЖЕРГЕ ТАҒЫМ»

КӨПШІЛІККЕ ҚУАНЫШ
СЫЙЛАҒАН КОНЦЕРТ

Жуырда облыстық филармония «QYZYLORDA» телеарнасымен бірлесіп, «Туған жерге тағым» акциясы аясында қайырымдылық концертін ұйымдастырды.

Қайырымдылық халқымыздың ізгі қасиеттерінің бірі. Жүрегі жылылыққа толы жандар ғана айналасындағыларға қуаныш сыйлай алады.

Осы мақсатты негіз еткен шарда Сыр елінің перзенті, талантты эстрада әншісі Серік Ибрагимов өнер көрсетті. Бұл концертті қарттар мен аз қамтылған отбасылар, мүмкіндігі шектеулі азамат-

тар тамашалап, жас та болса азаматтық жасап, кіндік қаны тамған жеріне келіп, халқына деген ыстық ықыласын әнмен жеткізген жерлесімізге алғыстарын білдірді. Бұл кеште Гаухар Бисекенова, Ринат Үсенов, Айдана Науқеева сынды филармония әншілері де өнер көрсетіп, көрермендердің қошеметіне бөленді.

Осылайша, қайырымдылық мақсатында ұйымдастырылған концерт көпшілікке қуаныш сыйлады. Жұртшылықтың жүзінен шаттанып отырғандары анық аңғарылды.

А.БЕК.



туралы ойларымен бөлісті. Оқушылардың «Жаныңызға жақын роліңіз қайсы?» деген сауалына:

– Ақтер үшін барлық ролдері туған баласы сияқты аяулы. Өйтсе де «Ендік-Кебектегі» – Жапал, «Біз үшеу едіктегі» – Мұрат, «Күшігінен таланғандағы» – Ақсақ Темір, «Ақан пидалағы» – Авдий Каллистратовтың ролдері етеге жақын, – деп жауап берді.

Ақтердің өмірлік жары Қамилда да осы театрдың актрисасы. Сахналық қойылымдарда бірге ойнап, өмір өткелектерінен қол ұстасып бірге өтіп келеді. Бүгінгі кездесуге жарымен бірге келген Қамилда Әбжанова өнер жолының бұраланы мен соқпағы, қызығы мен қиындығы туралы жас шәкірттерге айтып берді.

Кеш соңында мектеп-линей директоры К.Серекеева құрметті қонақтарға сый-сияпат ұсынып, тағылымы мол кездесу үшін алғысын жеткізді.

М.МЕРЕЙ.

ТАҒДЫР-ТАРАЗЫ

ЖІГЕРІ ЖАСЫМАҒАН ЖАНДАР

Тағдыр әркімге әр алуан сынақ жібереді. Біреулер оған шыдамай, салы суға кетсе, басқа жандар қайсарлық пен төзім танытып, тігетген мақсатқа жетуге тырысады. Қалай десек те, қоғамда өз орнын табуға ынтылы, келер күннен күтері мол адамдар аз емес. Олар көпке үлгі, әрқайсысы құрметке лайық. Себебі, тән азабын тартса да, жанын жұлдетпеген бүгінгі заманың батырлары кімге болмасын айрықша үміт сыйлайды.

Екі аяғынан айырылып, арбаға таянған Данияр Ембергенов – бірінші топтағы мүгедек. Бірақ, көлік жүргізіп, халыққа қызмет көрсетеді. Ол – әнші, тіпті, би де билейді. Бұрын әнді тек караоке-де айтатын. Ал, қазір оны табыс көзіне айналдырды. Тойларда ән шығарыпты. Осыдан екі жыл бұрын басына қиындық түскен қайсар азамат алғашқыда есеңгірегенмен, тез ес жинады. Бүгінде «Ешкімге масыл болмай, отбасымыз өзім асыраймын», – деп тырмысып келеді.



Даниярдың жары Бақыт та әрқыз демейді, «Өмірдің өзі өтпелі, қиындық үшін түңілудің қажеті жоқ» деп есептейді.

Бұл жағдай бұл шаңырақ көтерген соң бір жылдан кейін орын алды. Аман-есен босанып, қол-аяғында бауырыма алған едім. Сол күні Данияр ерекше қуанып, перзентханаға соқты. Өрі қарай жолдастарымен дарияның Көксу

деген бөлігіндегі демалыс орнына кетті. Сөйтіп, достарымен биіктіктегі төбелен секіріп, суға түсіпті. Данияр сүңгіген жердің суы таяз болса керек, ол бар екілімнен тірелген. Жетінші мойын омыртқасы сынып кетті. Содан бері жолдасын мүгедек арбасына танылды. Отбасымыздағы бұл жағдай қай-қайсымыз үшін де оңайға соқпады. Әсіресе, алғашқы жылы қатты қиналды. Барлығын өткерсе білдік. Қазір екі жасар Ай-ару есімді қызымыз өсіп келеді. “Өмір, өмір, болмайды түңілуге!” демекші, біз де қайта тұрып, алға ұмтылудан шаршамаймыз. Мен Даниярдың аяққа тұратынына сенемін. Жанапшыр азаматтар да болашаққа деген сенімдімізді арттырып келеді, – дейді Б.Адамбаева.

Әңгіме барысында Бақыт жарының осы кезге дейін бірде-бір рет қиындыққа мойынұсынбағанын да айтты. Расында, кейіпкеріміз әр қиындықтың артында бір жақсылық барына сенеді.

Басты ұстанымы осы. Қабақ шытпайды, үнемі күліп жүреді. Осы жайдары да жайсаң мінезімен ерекше. Қоғамдық өмірде де белсенді. Жаз айында Данияр “Облыстық жастар ресурстық орталығы” ЖММ тікелей қолдауымен өзінің жеке қайырымдылық концертін ұйымдастырды. Содан түскен қаржыға Алматы қаласына барып, кезекті ем-домын қабылдады. Қазіргі жағдайы бірқалыпты. Бірақ, ел қатарлы тік тұруды қалайды. Білікті дәрігерлер оған Оңтүстік Кореяның озық медицинасында емделіп келуге кеңес берген. Алайда, қалтаның жұқалығы қол байлап тұр. Ота жасауға кем дегенде 30 мың АҚШ доллары қажет екен. Ал, пәтерден пәтерге көшіп жүрген жас шаңыраққа бұл қаражатты табу – қиынның қиыны. Олардың ендігі үміті – жоғары жандардың жүрек жылыуында.

Мәлімді ҚАЛЫМБЕТ.

САТЫЛАДЫ

Жедел түрде Қармақшы ауданы «Қаратағай» өңіріндегі жер телімі (400 га) сатылады. Бағасы келісім бойынша. **Байланыс тел.: 8 777 332 25 25 (Мұрат).**

Менің иесі:

Сыр медиа

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

☎ қабылдау бөлмесі тел/факс: 70-00-36

☎ қабылдау бөлмесі 70-00-36

Сыр медиа

Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР

Жұматәлі ӘБДІРАМАН

☎ қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары

Жауапты қатыс 70-00-81

Бөлімдер:

руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73

экономика - 70-00-41, 70-00-68

әлеумет және саясат - 70-00-41

жарнамалар - 70-00-49, 70-00-52

өнер-өнер - 70-00-38, 70-00-38

заңгер - 70-00-42

компьютер орталығы - 70-00-34

корректор бөлімі

Меніңкі тілшілер:

Арал, Қазалы:

Жауап: Табылбаев - 8724 38 2-34-07

Шығыс, Жаңаорда:

Нұрмашев Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz

Газет аттасына 3 рет, сөзбенді, бейнесі, сөзбенді түрде

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және Мұрағат қорымен тіркелген.

Тіркеу нөмірі №12993-7, 27.06.2012 ж.

“Сыр бойы” облыстық газеті

“Сала мекемеліктің күйі”

талпықтарына сәйкес; сертификатталған.

Ақпараттық қолыны тасарыс бойынша телесіз, қолыны ештеңе және қолыны.

Жарнамаларға тартып, тіпті тіпті

жарнамаларға тартып, тіпті тіпті

жарнамаларға тартып, тіпті тіпті

жарнамаларға тартып, тіпті тіпті

жарнамаларға тартып, тіпті тіпті

жарнамаларға тартып, тіпті тіпті

жарнамаларға тартып, тіпті тіпті

жарнамаларға тартып, тіпті тіпті

жарнамаларға тартып, тіпті тіпті

жарнамаларға тартып, тіпті тіпті

жарнамаларға тартып, тіпті тіпті

жарнамаларға тартып, тіпті тіпті

жарнамаларға тартып, тіпті тіпті

жарнамаларға тартып, тіпті тіпті

жарнамаларға тартып, тіпті тіпті